

Т. Кеңшілік
Н.Е. Кайрбеков
С. Окан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kenshe76@mail.ru, nurlan.kairbekov@mail.ru, o.samet@mail.ru)

Истихсан методологиясының үкім шығарудағы рөлі

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мұсылмандарының шаригат нормаларында ұстанатын Ханафи мазһабы және оның истихсан методологиясына талдау жасалады. Истихсан – қажеттілік немесе зәрушілік жағдайға байланысты діннің жалпы үкіміндегі жекелеген дәлелдік тәсілдің атауы. Истихсан дәлелдік тәсілінің қазіргі қоғамдық қарым-қатынастағы заманауи мәселелерге оңтайлы үкім берудегі рөлінің ерекше екендігі дәйектеліп, діни мәселелерді реттеуге бағыт-бағдар көрсетіледі. Сонымен қатар, шаригаттағы истихсанның дәлелдік орны, оның түрлері қарастырылып, бүгінгі қазақ қоғамының тарихи-идеологиялық тұтастығын нығайтып, адамзат бауырластығын күшейтуге ықпал ететін әлеуеті дәлелденеді.

Истихсан – қоғамның немесе заманның шарттары ислам дінінің талаптарына лайық өмір сүруге қиындық тудырған жағдайда шығар жол табуға, мүмкіндіктер жаратуға негізделген дәлелдік дәйектің бір түрі. Бұл дегеніміз настың (Құран, сүннеттің) шекарасынан шығып кету дегенді білдірмейді. Бәлкім, нас, ижмәг және қиястың сыртқы үкімін алмай, жалпы қағидадан ауытқып, қажеттілік негізінде өзгеше үкімнің шығуына түрткі болу.

Истихсан – ислам ғұламаларының, әсіресе, Ханафи мазһабы ғалымдарының дәлелдік дәйектерінің бірі. Сондай-ақ, ғұламалар, истихсанды «Құран истихсань», «Сүннет истихсань», «Ижмәг истихсань», «Әдет-ғұрып истихсань», «Зәрушілік истихсань» және «Қияс истихсань» сияқты бірнеше түрге бөліп қарастырады. Яғни, истихсан және өзге де дәлелдік дәйектердің негізінде көрініс табатын дәлелдік құрал.

Түйін сөздер: Құран; хадис; мазһаб; ислам ғұламалары; истихсан; дәлел; қазақ тарихы; ынтымақ; ижтиһад; әдет-ғұрып; үкім.

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-14-23>

Ислам ғұламаларында, әсіресе Ханафи мазһабында «*الاستیْحسان*» (Истихсан) тәсілі кең қолданылған ғылыми (құқықтық) дәлелдік негіздердің бірі болып табылады. Ғұламалар, Құрандағы: «Қауымыңды бұйырылған істердің жақсысын ұстануға әмір ет!» («Әғраф» сүресі, 145-аят) деген аятындағы және Абдулла ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен: «Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында да жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың құзырында да ұнамсыз» - [1,

101 бет.] деген хадисіндегі «*أُحْسِنَ*» (әдемі) сөзі негізінде «*الاستیْحسان*» терминін қолданысқа енгізген.

Араб тіліндегі «*الاستیْحسان*» сөзі бір нәрсені әдемі, жақсы деп санау мағынасын білдіреді. Ал терминдік мағынасы жайлы бірер ғалымның көзқарасын ғана келтіре кетейік. Имам Сарахси: «Истихсан – қоғамда жеңілдіктің сақталуы үшін қиындықтан шығар жол» деп түсіндірсе, оның пікірін имам әл-Кархи: «Истихсан – бір мәселеде қияс арқылы

ұқсасына берілген әуелгі үкімінен бас тартып, күшті дәлелмен (жасырын қияспен) басқа бір үкімді таңдау» [2, 145 бет.] - деп толықтырады. Ал имам Уахбатуз-Зухайли: «Истихсан – дәлелге сүйеніп ашық қиястан жасырын қиясты таңдау немесе жалпы үкімнен шығып, бір мәселеге арнайы дәлел негізінде өзгеше үкім беру» [3, 21 бет.] - дейді.

Истихсан – қоғамның немесе заманның шарттары ислам дінінің талаптарына лайық өмір сүруге қиындық тудырған жағдайда, шығар жол табуға, мүмкіндіктер жаратуға негізделген дәлелдік дәйектің бір түрі. Бұл дегеніміз, настың (Құран, сүннеттің) шекарасынан шығып кету дегенді білдірмейді. Бәлкім нас, ижмәғ және қиястың сыртқы үкімін алмай, жалпы қағидадан ауытқып, қажеттілік негізінде өзгеше үкімнің шығуына түрткі болу.

Истихсанның дәлелдік орны. Ислам ғұламалары үкім шығаруда Құран, сүннет, ижмәғ және қиясты негіз етсе, оларға қосымша истихсан, маслаха (игілікті көздеу) және әдет-ғұрып сияқты дәлелдік дәйектерді де қолданған. Дінде Құран және сүннет мәтіндік дәлелге жатса, ал ижмәғ, қияс, истихсан және т.б. қисынды ақылға сүйене отырып, өздерінің дәлелдік күшін көрсетеді. Яғни, ижмәғ – Құран және сүннетте үкімі табылмаған бір мәселенің үкіміне сол ғасырдағы ғұламалардың бір ауыздан келісуі, қияс – үкімі жоқ бір мәселені үкімі бар мәселемен салыстыра отырып үкім шығару әдісі, истихсан – қажеттілік немесе зәрушілік жағдайда шарифаттағы жалпы қағидадан шеттеп, жасырын қияс негізінде үкім шығару әдісі. Бұлардың барлығы наста дәлелі болмаған мәселеде ақылды қолдану яки настың мәніне үңілу арқылы іске асады. Немесе *ижтиһад* жолын дамытудың сатылары деуге болады.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар қайтыс болып, уахи тоқтаған соң ислам қоғамында туындаған жаңа мәселелердің шешімі Құран және сүннеттен табылмаған жағдайда, оған *ижтиһадт* әсілі, яғни, ақылды қолдана отырып, Құран және сүннеттің жалпы мағынасы негізінде үкім шығара білу керектігі жолға қойылды.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сахабасы Мұғаз бин Жабалді Йемен еліне өкілі ретінде аттандырған кезде, «Қоғамда бір мәселе туындаса, жауабын қайдан іздейсің?», - деп сұрайды.

- Мұғаз: «Құранмен төрелік етемін», - дейді.

- Алла елшісі (с.ғ.с.): «Құраннан таппасаң не істейсің?», - дейді.

- Ол: «Алла елшісінің сүннетінен іздеймін», - дейді.

- Пайғамбар (с.ғ.с.): «Іздеген жауабыңды сүннеттен де таппасаң ше?», - дейді.

- Мұғаз: «Ижтиһад (біліміммен ой жүгіртемін) жасаймын», - дейді.

- Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабасының кеудесіне қолын қойып тұрып: «Алланың елшісінің елшісін дұрыс жолға салған Аллаға шүкір» [4, 509 бет.] - дейді.

Бұл хадисте Алла елшісі (с.ғ.с.) наста (Құран, сүннетте) дәлелі болмаған мәселелерде ижтиһад арқылы жол табуды құп көргенін, әрі адамның ұстанған діні қоғамдағы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ахлақтық негіздерді бір жүйеге келтіруге өз әсерін тигізе алуы керектігін ескертеді.

Омар ибн Хаттаб халифа болып тұрған шағында, Иракты қол астына қаратқан кездегі олжа ретінде иелігіне өткен Сәуад жерін халықтың игілігіне қалдырады. Негізі Құранда: «Біліп қойыңдар, соғыстан не нәрсе олжаласаңдар да, соның бестен бірі сөзсіз Аллаға тиесілі. Сондай-ақ, Алла елшісіне, оның жақын туыстарына, жетімдерге, пақыр-міскіндерге және жолда қалған мүсәпір жолаушыларға тиесілі...» («Әнфал» сүресі, 41-аят) делініп, олжаны соғысқа қатысқан әскерге бестен төрт (5/4) бөлігін бөліп беру ұсынылған болатын. Алайда Омар аяттың мәніне үңіле отырып, байлыққа толы Сәуад жерін соғысқа қатысқан әскерге бөліп беруді мемлекеттің байлығын бірнеше адамның қолына ұстатып, қалың халықты кедейлікке итермелеу деп ұғады. Сөйтіп, Сәуад жерін бұқара халықтың түрлі кәсіптермен айналысуы үшін ел игілігіне қалдырады [5, 218-223 бб.]. Басында бұл шешімге келіспеген кейбір сахабалар, кейін Омардың шешімі дұрыс екендігін түсініп,

қолдау көрсетеді. Мұны Омардың Құрандағы истихсанды аңғаруы десек болады.

Истихсан – Ислам құқығындағы ғибадат, муғамадат (сауда-саттық), отбасы және қоғамдық мәселелердің барлығында кең қолданысқа кірген шәрғи дәлелдік тәсілдердің бірі. Имам әл-Марғинани (қ. 593/1197) «Әл-Һидая» атты еңбегінде 120-дан астам мәселелерге «Истихсан» негізінде үкім берсе, имам Хаскафи (қ. 1088/1677) «Әд-Дуррул мұхтар» атты еңбегінде 200 шамасындағы мәселелерді «Истихсан» негізінде шешкен [6, 41-75 бет.].

Құран және сүннетте үкімі баян етілген мәселелер шектеулі болса, әр кезеңде ортаға шығатын жаңа мәселелердің үкімі *ижтиһад* жолымен немесе ислам ғұламалары қалыптастырған Ұсулул-фықһ ілімінің тәсілдерімен шешімін шығару жүйесі құрылған. Бүгінгі таңдағы жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ сияқты күнделікті туындап жатқан мәселелерге қияс, истихсан, маслаха және әдет-ғұрып сияқты дәлелдік тәсілдермен тұшымды жауап беру мүмкін бе? Әрине, мүмкін. Алайда оның басты шарты истихсан сынды Ұсулул-фықһ ілімінің тәсілдері кеңінен зерттеліп, өміршеңдігі заманның талаптарына сай дамытылып отырумен болмақ.

Діндегі «ақыл», «қияс», «рай» (ой еркіндігі), «тауил» (істің түп мәніне үңілу), «истихсан» және «ғұрып-әдет» сияқты терминдер мағыналық тұрғыдан төркіндес болып, *ижтиһад* тәсілін іске қосатын тетіктер рөлін атқарды. Сондай-ақ, дін адамдары арасынан дін мен өмірдің тығыз қатынасын көрсетуге, әр кезеңде туындаған қажеттіліктерге діннің мәніне үңіле отырып, шешім қабылдайтын мүжтаһидтердің (түйткіл мәселеге шешім айтуға қабілетті ғалымдардың) көптеп шығуына жетелейтін алғышарттар ретінде де ұғуға болады. Өкінішке орай, бүгінде дін жайлы сөз етіліп, бір көзқарас айтыла қалса «Олай дейтін ол кім екен, мужтаһид ғалым ба?» деген сынды диктаторлық идеологияның дін саласында да кең таралуы дін жолында білім алып, маманданып жатқан жастардың өзін дамытуға кері әсерін тигізуде. Міне, осындай себептердің салдарынан мұсылман

әлемі түрлі салаларда дамымай, дүние ісі мен ақырет ісін қатар алып жүруде әлсіздік танытып отырғаны анық. Яғни, ижтиһад – дүние ісі мен ақырет ісі арасындағы тепе-теңдікті, тығыз байланысты қалыптастыратын жол. Немесе адамды ізденуге, бір мәселе төңірегінде зерттеу жүргізуге, ижтиһад жасауға шақыратын дінге қызмет етіп жүрген адамдардың өзі бір мәселе төңірегінде ой жүгіртуден қорқып, өзін діни тұрғыдан жауап беруге лайықты санамаса, қоғамдағы туындаған көптеген мәселенің жауабын кім бермек?! Әрине, бұл әрбір мәселеге әркім пәтуа бере береді дегендік емес. Бәлкі, діндегі дәлелдік ұғымдар негізінен адамдардың санасын дамытуға, қоғамдағы туындаған мәселелерге діни шешім шығаруда әлеуетін арттыруға құрылғанын көрсетеді.

Истихсанның түрлері. Истихсан дегеніміз – діни мәселелердің шешімін шығаруда кейбір аят, хадис және ижмәғ дәлелдік негіздері діндегі жалпы үкімдік қағидаттардан шығып, өзгеше үкім беруіне итермелеген дәлелдік себептің атауы дедік. Көптеген классикалық еңбектерде, истихсанды дәлелдік дәйек ретінде алғаш қолданысқа енгізген имам Әбу Ханифа делінеді. Ибн Хазм әл-Әндулиси: «Әбу Ханифадан бұрын истихсанды қолданған ешкімді білмейміз. Кейде имам Мәлік де истихсанды қолданып, Әбу Ханифа: «Бұл мәселеде қияс былай, алайда оның керісіншесін жақсы (истихсан) деп білеміз – дейді» деген [7, 5 б.]. Ал истихсан тәсілін қабылдағысы келмеген, оған қарсы шыққан имам Шафиғидің (h. 204) өзі: «Былайғы ғалымдар қияс пен истихсан мәселесіне келгенде Әбу Ханифаның қасында әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған сарыауыз балапан секілді» [8, 195 б.] - деп, истихсан тәсілін қолдануда имам Әбу Ханифаның өте шебер болғанын сөз етеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Истихсан – ислам ғұламаларының, әсіресе, Ханафи мәзһабы ғалымдарының дәлелдік дәйектерінің бірі. Сондай-ақ, ғұламалар, истихсанды «Құран истихсаны», «Сүннет истихсаны», «Ижмәғ истихсаны», «Әдет-ғұрып истихсаны», «Зәрушілік истихсаны»

және «Қияс истихсаны» сияқты бірнеше түрге бөліп қарастырады. Яғни, истихсан нас және өзгеде дәлелдік дәйектердің негізінде көрініс табатын дәлелдік құрал. Алайда Мұстафа Ахмед әз-Зарқа сияқты кейбір ғалымдар, мәселенің шешімі аят, хадис және ижмәғ арқылы шығарылатын болса, онда ол мәселелерге үкім аят, хадис және ижмәғ негізінде беріліп отыр. Оның дәлелі «Құран истихсаны», «хадис истихсаны» және «ижмәғ истихсаны» деп айтуды дұрыс емес деп есептейді [9, 16 б.].

Осы жерде «Құран истихсаны», «хадис истихсаны» және «ижмәғ истихсаны» деп арнайы бөліп айтудың өзіндік мәні бар екендігін де айта кеткен жөн. Адамзат қоғамындағы туындаған қажеттіліктер мен зәрушіліктің шешімі ретінде дінде тыйым салынған мәселелердің кейбіріне жағдайға байланысты әуелі Алла Тағала мен Оның елшісі (с.ғ.с.) өзі рұқсат етсе, кейін бұл үрдіс сахабалар мен Ислам ғұламаларының ижтиһад жолымен іске асып отырған. Сондай-ақ, діннің бұл кеңшілігін мұсылман үмметінің буквалистік көзқарасқа салынып, адам қажеттілігін ескермей қоймауы үшін Әбу Ханифа бастаған көптеген ғалымдар «*الان يشترىءان*» (истихсан) терминін дәлелдік дәйектердің қатарына кіргізе отырып, ислам дінінің универсалдығын көрсетті десек болады. Енді осы истихсан түрлерінің әрбіріне бірер мысал беріп өтелік.

Құран истихсаны. Қасиетті Құранда: «Сендерге арам өлген мал, қан, доңыз еті және Алладан басқаның атынан сойылған малдың еті харам етілді. Сондай-ақ, жаны шықпай жатып (шариғатқа сай) бауыздап үлгергендеріңді қоспағанда, буынып, соққы жеп, биіктен құлап, сүзіліп немесе жыртқыш аңға таланып өлген малдың еті... харам етілді» («Мәйда» сүресі, 3-аят) делініп, шариғатқа сай бауыздалмаған хайуанның етін жеу харам екендігін білдіретін жалпы үкім бекітілсе, зәрушілік (қажеттілік) жағдайға байланысты жалпы үкімнен өзгеше үкім мына аятта: «Олар сенен ненің адал екенін сұрайды. Оларға: «Сендерге таза, әрі денсаулыққа зиянсыз азық атауының бәрі адал етілді.

Алланың өздеріңе үйреткені бойынша аң аулауға баулыған жануарларыңның өздеріңе ұстап әкелгендерін жеңдер. Оларды аңға салғандарыңда, «бисмиллә» деп Алланың атын атаңдар» деп айт» («Мәйда» сүресі, 4-аят) -делініп бекітіледі. Яғни, аңшы аңға қақпан, тұзағын құрғанда, қыранын және итін жібергенде немесе мылтығын оқтап атарында «Бисмиллә Аллаһу әкбар» сөзін айту шартын міндеттей отырып, кейін ауланған аңын бауыздап үлгірмей, барғанында өліп қалса да («Бисмиллә Аллаһу әкбар» деп бауыздау ырымын жасап) етін жей беруге рұқсат етіледі. Дінде ауланған аң, құсты шариғатқа сай бауыздап жеу шарт болғанда, адамдарға қиындық тудырар еді. Екінші аятта өмірдегі кейбір жағдайларды шариғаттың жалпы қағидасынан бөліп қарстыра отырып, жеңілдіктер ұсынылып отыр. Бұл Құран истихсанына жатады.

Хадис истихсаны. Әбу Ханифа хадиске сүйене отырып, қиясты алмауды истихсан деп санаған. Бұл қағиданың ғибадаттағы мысалы, ораза ұстаған адам ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды. Ал қиясқа (салыстыру тәсіліне) салса не нәрсе болсын, қандай жағдайда болсын, егер ораза тұтқан адам байқамай ауыз ашып қойса, оразасы бұзылады. Бірақ, қияс қағидасына сай келмейтін хадис бар. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кімде-кім ораза ұстағанын ұмытып ішіп-жеп қойса, өзінің ауыз бекіткені есіне түскен сәтте оразасын жалғастырсын, себебі оны сусындатып, тамақтандырған Алла Тағала» [10] - деген. Бұл хадис қиястан басым түсіп қиясты алмай, истихсан жасаған. Осылайша, ораза тұтқан адам ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды [8, 198-199 бет.].

Қоғамдық мәселелерге қатысты «сәлам» саудасын айтуға болады. Сәлем саудасы – бір саудагер адам егіншіге егін салуы үшін жылдың басында ақшасын беріп қойып, егіндік жиылған кезінде ақшасының мөлшерінде егіндік дақылынан алуға келіседі. Салынбаған, әлі піспеген дақыға саудаласып, ақшасын өткізу шариғаттағы сауданың негізгі «тауардың болуы» қағидасына қайшы. Алайда егінші диқандардың көбінің қолында дер кезінде

ақшаның болмауы, саудагерлерден алдын ала егін салуы үшін ақша алу қажеттілігін тудырып отыр. Сол себепті Пайғамбар (с.ғ.с.): «Кімде-кім бір дақылға (жеміс және т.б.) алдын ала ақша құйса, белгілі мөлшер (түрі, килограммы) мен нақты уақытқа келіссін» [10] деп рұқсат еткен. Бүгінгі таңда сауданың бұл түрі ауылды жердегі ұсақ өнеркәсіптен бастау алып, халықаралық ірі сауда жобаларымен де іске асып жатқаны белгілі. Қоғамда өз кәсібіне инвестор іздеп жүргендер мен табыс алу үшін инвестиция құятындар да аз емес. Бұл хадисте саудадағы «тауардың болуы жалпы қағидасын бұзып, адамдардың қажеттілігіне сай белгілі шарттар аясында (бүгінгі сауда заңдары негізінде) сауданың осы түріне истихсан жолымен рұқсат етілген.

Ижмәғ истихсаны. Истихсан көп жағдайда ижмәғ сүкутиде, яғни бір халықтың арасында кең қолданысқа кірген, әрі адамдардың қажеттілігі ескеріле отырып, діннің жеңілдігі негізінде рұқсат етілген мәселеде көрініс табады. Мысалы: саудадағы «*استسناة*» (Истиснағ) – адамның зауытқа, фабрикаға әлі шықпаған заттың бағасы мен түрін нақтылап, тапсырыс беруін білдіреді. Негізі шариағатта ортада жоқ затқа келісім жасауға рұқсат етілмейді. Алайда әр заманда сауданың мұндай түріне адамдардың қажеттілігі туындап тұратындықтан рұқсат етілген. Міне, бұл жерде қиясқа амал етілмей, ижмәғ истихсанға амал етіліп отыр [2, 203 б.].

Әбу Ханифа бұл жайында: «Истиснағ саудасы қиясқа қайшы болса да, истихсан жасау арқылы рұқсат беріледі» - деген. Яғни, қиясқа қайшы дегенде саудадағы сұраныс пен ұсыныстың бір мезгілде сәйкес келмейтінін меңзеген еді. Ал истихсан бойынша рұқсат етіледі дегенде жалпы қағидадан бас тартып, ғұламалардың ижмағына сүйенгені [8, 200-201 б.].

Әдет-ғұрып истихсаны. Білім беру дәстүрі, халқымыздың көне дәуірден бері тамыры терең тартқан әдет-ғұрпының бірі – тілашар. Тілашар – баласын ұстазының алдына алғаш апарған ата-ананың ізгі ниетпен берген оқу ақысы. Ғылымға, оқу-жазуға ерекше көңіл бөлген халқымыз баланың сауатын ашу, бала

тәрбиесін бәрінен жоғары бағалаған. Ауқатты адамдардың көбі ақы төлеп ауылында бала оқытатын қожа-молдаларды ұстаса, бір бөлігі балаларын Бұхара, Самарқанд, Қазан, Түркістан сияқты қалалардың медреселеріне білім алуға жіберіп отырды. Ал халықтың көпшілігі балаларын ауыл арасындағы молдалардан оқытатын еді. Міне, солардың арасынан халқымыздың біртуар ғалымдары, классик ақын-жазушылары шықты.

Қазақ даласындағы осы бір дәстүрдің үкімі истихсан негізінде берілгенін төменде көре аламыз. Тілашар немесе діни білімге ақы төлеу мәселесі туралы Ханафи мәзһабының алғашқы ғалымдары Құран немесе діни білім үйреткен кісінің ақы алуы дұрыс еместігін айтқанымен, көпшілік қауым Құран және діни ілімді мұғалімдер арқылы ғана үйрене алады. Таңнан кешке дейін әр күнін Құран немесе діни білім берумен өткізетін мұғалімдерге жалақы төленбесе, олар басқа тіршілік қамымен болып кетері анық. Мұғалімдердің азаюы қара халықтың Құран немесе діни білімнен сауатсыз қалуына себеп болады деген пікірді ұстанған Ханафи мәзһабының Мәрғинани, Ғәйни, Сарахси және Ибн Камал сынды ғалымдары истихсан (бір істі ұнамды білу) негізінде Құран немесе діни білімге ақы алудың дұрыстығын айтады. Сонымен қоса, Құран Кәрім және діни білім үйрету барысында ақы алудың дұрыстығын айтқан фақиһ ғалымдар мұғалімдерге берілетін ақының үзілмеуі, адам баласының дүние және ақырет біліміне қатысты мәліметтерден бейхабар қалмауының бірден-бір жолы. Ал мұқтаждығы болмаған, басқалай кіріс көзі болған адамның жасаған дін қызметі үшін ақы талап етуі, истихсан негізіне сәйкес болмағандықтан дұрыс емес дейді [11, 340 бет.]. Ескерту: ғылым-білімнің адам өміріндегі орны ерекше екендігін ескере отырып, кейбір ғалымдар истихсанның бұл түрін «Зәрушілік истихсанына» жатқызған.

Ант ішу мәселесі. Қазақта бір маңызды істерде сөзін дәлелдеу үшін «Құран ұстаймын» деген ант ету әдет-ғұрпы кездеседі. «Ант ішу» уәде ету болып табылады. «Уәде - құдай сөзі» (мәтел). Құдай атынан берілетін уәде жәй

айтыла салатын құрғақ сөз емес, ол адалдық пен адамдықтың айғағы болған сөз.

Халқымыздың бұл әдет-ғұрыпы тұнып тұрған шарифат, әрі үкімі де истихсан негізінде берілгенін айтқа кеткен жөн. Сондай-ақ, біз әуелі Алла тағаланың есім, сипаттарынан басқа ант етудің дұрыс еместігін білуіміз керек. «Әл-Ғиная» еңбегінде: «Кім Алла тағаладан басқа Пайғамбар, Құран, Кағба сияқты сөздермен ант етсе, ант еткен болмайды» [12, 160 б.]. Десе, «Фәтхул қадир» еңбегінің авторы Ибну Нумам: «Алланың кәләм сипаты болған Құранмен ант ету адамдар арасында әдет-ғұрып негізінде қалыптасты. Қазіргі күніміз де Құранмен ант ету әдет-ғұрыпқа айналды. Сондықтан Құран кітабымен ант ету, ант болып есептеледі. Егер антын бұзса, кәффарат уәжіп болады деген» [13, 64 бет.].

Кәффарат жәйлі Құранда: «Оның төлемі: Үй-іштеріне жегізетін орта есеппен он міскінді тамақтандыру не оларды киіндіру немесе бір құл азат ету. Мұны таппаған біреу, үш күн ораза ұстау. (Бұзған) анттарыңның жазасы осы» (Мәйда сүресі, 89-аят) - деген. Әбу Ханифа ант сөзі қайталану себепті кәффарат жазасы да арта түсетіндігін айтады [14, 531 бет.].

Зәрушілік (дарурат) истихсаны. Араб тіліндегі дарурат (الضرورات) сөзі – зәрушілік, таршылық, қиыншылық және бір нәрсеге мұқтаждық мағынасын білдіреді. Терминдік мағынасы туралы имам әл-Жассас: «Зәрушілік – адам баласы Алла тыйым салған харамды жемесенемесе қолданбаған жағдайда, өмірінен айырылуы яки бір ағзасына қатер келуінен қорқуы» [15, 159 бет.] деген. Яғни, зәрушілік адам өмірін құтқарып қалу жолындағы немесе бір үзірлі қиындықтан құтылу мөлшерінде ғана Алланың тыйым салған істеріне баруды білдіреді. Мысалы, жапан далада аштан өліп қалмау үшін өлексенің етін жеу, жан сақтау бөліміне түскен адамды құтқарып қалу үшін кредит (өсім) алу және т.б.

Ғұламалар, Құрандағы: «Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге итермелемеңдер» («Бақара» сүресі, 195-аят) деген аятқа сүйене отырып, зәрушілік жағдайда шарифаттың кеңшілігін пайдаланбай, Алланың өзіне аманат еткен өміріне зиян келтіріп, өлім

күшса күнәкар болады,- дейді. Сонымен қатар, ғұламалардың зәрушілік дәрежесін мынандай шарттар негізінде өлшегенін де ұмытпау керек.

1) Зәрушілік – адамның өмірі мен дінінде қорғалуы тиіс болған бес нәрсенің (дін, жан, абырой, ақыл және дүние-мүліктің) бірінде нақты көрініс табуы керек.

2) Тыйым салынған істі зәрушілік мөлшерде ғана істеуге рұқсат. Құрандағы: «Кім зәру болса..» («Бақара» сүресі, 173-аят) деген сөзін Ибн Аббас (р.а.): «Кім бұл тыйым салынған нәрселерді зәрушілікпен жесе, оқасы жоқ. Ал кім зәру болмай тұрып жесе, ол Аллаға қарсылық қылды және шектен шықты» [16, 407 бет.] - деген.

Зәрушілік истихсанының мысалы: Ханафи ғұламаларының кітаптарында, бір хайуан құдыққа түсіп өліп, сасып кеткен жағдайда суы қалай тазартылады? деген мәселе сөз етіледі. Қиясқа салсақ, әуелі құдықтың суын толығымен тартып шығару керек. Бұл мүмкін емес, себебі түбінен су шыға береді. Ал суы толығымен тартылып шығарылды дегеннің өзінде құдықтың қабырғалары, шелектері және т.б. заттар нәжіс судың тиюімен нәжіс болады, ол таза суды қайта нәжіс қылады. Міне, осындай жағдайда истихсан тәсілімен құдықтың суы толығымен тартылды деген мөлшерде құдықтың суы шығарылады, әрі тазарады [3, 26 б.]. Сонымен қатар, көпшілікке сақтану қиын болған (ғұмумул-бәлуа) істерде, яғни, құдыққа мал тезектерінің түсуімен судың нәжіс саналмауы, мысықтың су ішкен ыдысының таза саналуы және т.б. көптеген мәселелер истихсан тәсілі бойынша қарастырылған [12, 88-94 бет.].

Қияс истихсаны. Аталған истихсан түрлеріне Ханафи мәзһабы ғалымдары, истихсан мен қияс екеуінің бір мәселеде қарама-қайшы түрін қосып, сыртқы көріністегі қуаттылығына қарамай, қайсының әсері қуатты болса, соның негізінде үкім шығарған. Осының әрбіріне бірден мысал келтіре кетелік.

Жасырын истихсан. Құмай, бүркіт және қаршыға сияқты жыртқыш құстар бір ыдыстан су ішетін болса, оның қияс негізіндегі үкімі

мен истихсан негізіндегі үкімі екі түрлі. Қияс бойынша, жыртқыш аңдардың егін жеу харам болғаны сияқты жыртқыш құстардың егін жеуде харам. Қалдық судың үкімі де етімен ұқсас болуы керек. Ал истихсан бойынша, жыртқыш аң ішкен судың харам болатыны оның нәжіс сілекейінің суға араласуы, сілекейі етінен бөлініп шығады. Жартқыш құс болса, суды қатты сүйек тұмсығымен ішетіндіктен, тұмсығы таза, яғни тұмсығында сілекей болмайды. Осы жерде жыртқыш құстың ішкен суына, истихсан тәсілі бойынша таза деп үкім беруді дұрыс санаған.

Ашық истихсан. Намаздың қирағатында сәжде аятын оқыған кісі сәждәтут-тилауа (сәжде аятын оқыған үшін жасалатын сәжде) рукуғда жасай ма, әлде намаздың ішінде арнайы бөлек сәжде жасай ма? деген мәселенің қияс негізіндегі үкімі мен истихсан негізіндегі үкімі екі түрлі. Қияс бойынша, сәждәтут-тилауа рукуғпен бірге рукуғта өтелуі дұрыс. Себебі сәжде мен рукуғтағы мақсат бір, яғни, Алланы ұлықтау. Сәждәтут-тилауадағы бұл мақсат рукуғта орындалып отыр. Қасиетті Құранда: «Иілген (рукуғ қылған) бойда сәждеге жығылды» («Сад» сүресі, 24-аят) – делінген. Ал истихсан бойынша, Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Рүкуғ жасаңдар, сәждеге бас қойыңдар» («Хаж» сүресі, 77-аят) – деп, сәжде етуге бұйырды. Сәжде рукуғпен іске аспайды, әрқайсысы бөлек ғибадат болып табылады. Бұл жерде Құран оқу үшін алған дәретпен намаз оқуға болатыны сияқты мақсаттың орындалуын басты назарға ала отырып, қияс негізіндегі үкім таңдалған [3, 23 бет.].

Қияс пен истихсан екеуінде де бір үкімді салыстыра іздеуге дәнекер «*لذ*» (себеп) деген сипаты бар. Бұл сипат кейде ашық

білінгенімен, кейде жасырын болып ғылым адамдарының іздеулері арқылы білінеді. Осы екі түрдің біріне қияс, екіншісіне истихсан делінеді. Истихсан – настың жалпы қағидасынан шығып, айрықша үкімнің атауы екендігін көрдік.

Қорыта айтар болсақ, Истихан – жеке бір дәлел емес, ол нас (Құран, сүннет), ижмәғ, қияс, әдет-ғұрып және маслаха сынды жалпы қағиданы жекешелеген, айрықша берілген үкімнің дәлелдік атауы. Адамзат қоғамында тепе-теңдік сақталып, алаңсыз ғұмыр кешуі үшін «Дін», «Жан», «Ақыл», «Нәсіл» және «Мал-дүние»-ден тұратын бес нәрсенің қорғалуы міндеттеледі. Дін – ақылға жол сілтейді, ақыл – адам өмірінің, ұрпағының және дүние-мүлкінің қорғалу тетіктерін қалыптастырады. Дінде бұл бес нәрсе «Мақасидуи-шаригага» (шариғаттың басты мақсатына) жатады. Сондай-ақ, діндегі әмірлер мен тыйымдар, ғибадаттар, сауаптар мен күнәлар және т.б. осы бес негіздің жалғасын табуын және қорғалуын ретке келтіретін иләһи заңдылықтар болып табылады. Дінде бұл бес негіздің қорғалуын жалпылама зәрушілік (дарурат), қажеттілік «хажият» және баяшаттылық «тахсинат» деп үш категорияда қарастырады. Бұлардың біріншісінен кейін екіншісі, екіншісінен соң үшіншісі көрініс табады. Діннің мұраты да адам баласының жоғары деңгейдегі бақытты ғұмыр кешуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, халықтың игілігі көздеде отырып, өмір сүру салтына лайықты Қазақ хандарының заңдық жүйелерін «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және қазақ халқының некелесу ісіндегі «Жеті ата» мәселесін де осы истихсан тәсілімен байланысты деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ибн Нәжим. Әл-әшбәһә уан назайр ғәлә мәзһаби Әби Ханифа / Ибн Нәжим. – Б.: Дәрүл күтүбүл филмия, 1999. – 390 б.
2. Әс-Сарахси Әл-Мабсут / Әс-Сарахси . – Б.: Дәрүл-мағрифә, 1978. – 478 б.
3. Уәһбатүз Зүхайли. Үсүлүл фықһил ислами / Уәһбатүз Зүхайли. – Қ.: Фикр, 2005. – 496 б.
4. Ғәнул-мағбуд шарху сунани Әби Дәуит / . – М.: Сәләфия, 1969. – 514 б.
5. Бәкір Топалұғлы. Тәуилатул Құран ли Әби Мансур әл-Матуриди. – Стамбул: Дәрүл мизан, 2007. VI том. – 545 б.

6. Осман Шаһин. Истихсан юнтемінін акли герекчелері ве базы уйгылама шекіллері// Дін білімлері араштырма дергісі. – VIII (2008) №4. – С. 41-75.
7. Ибн Хазм әл-Әндулиси. Мулаххасу ибталул-қияс уар-рай уал-истихсан уат-тақлид уат-тағлил. –М.: Димашқ,1960. – 99 б.
8. Әділбаев А., Әділбаева Ш. Әбу Ханифа және Ханафи мәзһабы / А. Әділбаев., Ш. Әділбаева. – А.: Көкжиек – Б, 2011. – 400 б.
9. Сайд Нури Ақгүндүз. Ханафи фуруғунда истихсан – әл-Һидая өрнегі // М.Ү. Иләһият факультеті дергісі. – 23(2002/2). – С. 29-77.
10. Әл-Минһаж фи шархи сахих Мүслим ибн Хажжаж шархүн Нәуәуи ғәлә Мүслим. – Қ.: Бәйтүл әфқарид дәулия, 2000. – 2068 б.
11. Имам әл-Айни. Әл-Биная шәрху Һидәя лил имам Айни. – Б.: Дәрул фикр, 1990, IX том. – 340 б.
12. Молла Әли Қари. Фәтхү бабил ғинәя фи шархи китәбин ниқая / Молла Әли Қари. – Б.: Дәру иһияуд-түрасил-араби, 2005, III том. – 444 б.
13. Ибнул Һумам әл-Ханафи. Шарху Фәтхул қадир. – Б.: Дәру күтүбул ғилмия, 2000, V том. – 640 б.
14. Фәтәуа Қадихан фи мәзһаби Әби Ханифа ән-Нүғман. – Б.: Дәру күтүбул ғилмия, 1999. I том. – 580 б.
15. Әбу Бәкір әл-Жассас. Ахкәмул Құран / Әбу Бәкір әл-Жассас. – Б.: Дәрул күтүбил ғилмия, 2003. II том. – 629 б.
16. Әд-Дүррул мәнсур ли Жәләлуддин әс-Сүюти. – Б.: Дәрул фикр, 1993, I том. – 407 б.

T. Kenshilik, N.E. Kairbekov, S. Okan

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The role of Istihsan methodology in giving fatwah

Abstract. This article studies Hanafiyah in Kazakhstan and its Istihsan methodology. Istihsan is the name of a separate evidence-based approach to general religious judgment regarding need and necessity. It is emphasized that the Istihsan evidence-based approach is special in optimally governing contemporary issues of public relations and in addressing religious issues. In addition, the role of Istihsan in Shari'ah, its types, and its potential contributing to the strengthening of the historical and ideological integrity of the Kazakh society and strengthening of human brother hood are also examined.

Istihsan is a kind of argument based on finding a way, creating opportunities when the conditions of society or times make life difficult in accordance with the requirements of Islam. This does not mean going beyond (Quran, Sunnah). Probably deviate from the general rule and make a different verdict based on necessity, without an external judgment on us, ijma and qiyas.

Istihsan is one of the proofs of Islamic scholars, especially Hanafi scholars. Scholars also divide istihsan into several types, for example, istihsan of the Koran, istihsan of the Sunnah, istihsan ijma, istihsan of customs, istihsan of necessity and istihsan qiyasa. That is, istihsan and other Sharia arguments are based on evidence.

Key words: Koran; hadith; madhhab; Islamic scholars; istihsan; testimonies; history of Kazakhstan; unity; ijihad; customs; judgments.

Т. Кеншилик, Н.Е. Кайрбеков, С. Окан

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль методика «Истихсан» в вынесении решения

Аннотация. В статье рассматривается приверженность отношения мусульман ханафитского мазхаба (школа) в Казахстане нормам шариата ислама и их методике «Истихсана». «Истихсан» - это название или решение практического подхода, который обобщается основами шариата в связи с необходимостью или чрезвычайной ситуацией. Этот метод свидетельствует о важности роли рационального суждения в современных вопросах общественных отношений и регулирования религиозных вопросов. В то же

время мотивирующее место «Истихсана» в букве закона шариата, свидетельствует о том, что современное казахское общество способно укрепить свою идеологическую целостность с казахской историей и укрепить дружбу среди народов живущих в Казахстане.

Истихсан - это своего рода аргумент, основанный на поиске пути, создании возможностей, когда условия общества или время затрудняют жизнь в соответствии с требованиями ислама. Это не значит выходить за пределы (Коран, Сунна). Вероятно, отклониться от общего правила и вынести другой вердикт, основанный на необходимости, без вынесения внешнего приговора нас, иджмы и кийаса.

Истихсан – это одно из доказательств исламских ученых, особенно ученых-ханафитов. Ученые также делят истихсан на несколько типов, например, «истихсан Корана», «истихсан Сунны», «истихсан иджмы», «истихсан обычаев», «истихсан необходимости» и «истихсан кийаса». То есть истихсан и другие доводы шариата основаны на доказательствах.

Ключевые слова: Коран; хадис; мазхаб; исламские ученые; истихсан; свидетельства; история Казахстана; единство; иджтихад; обычаи; суждения.

References

1. Ibn Najim. Al-Ashbaha uan nazayr gala mazhabe Abi Hanifa [Al ashbah uan nazair gala mazhabi Abi Hanifa] (Darul kutubil gilmya, Bairut, 1999).
2. As-Sarahsi. Al-Mabsut [Al'-Mabsut] (Darul-magrifa, Bairut, 1978).
3. Uahbatuz Zuhaili. Usulul fykhi islami [Usulul fykhi islam] (Fikr, 2005).
4. Gaunul-magbud sharhu sunani Abi Daut [Usulul fykhi islam] (Salafia, Madina, 1969).
5. Bakir Topalugly. Tauilatul Kuran li Abi Mansur al-Maturidi [Tauilatul Kuran li Abi Mansur al-Maturidi] (Darul mizan, Stanbul, 2007).
6. Osman Shxin. Istihsan iuntaminen akli gereksheleri ve bazy uigylama shkilleri// Din bilimlari arashtyrma dergisi. VIII (4), 41-75 (2008).
7. Ibn Hazim al-Andalusi. Mulahhasu ibtalul-kias uar-ray ual-istihsan uat-taklid ual-tagdil [Mulahhasu ibtalul-kias uar-ray ual-istihsan uat-taklid ual-tagdil] (Dimashyk, 1960).
8. Alau Adilbaev, Shamshat Adilbaeva. Abu Hanifa zhane Hanafi mazhaby [Abu Hanifa's and Hanafi Mazhab] (Kokzhiek– B, Almaty, 2011).
9. Said Nuri Akgunduz. Hanafi furugunda istihsan – al-Hidaia ornegi [Istihsan in the Hanafi Furuga - a sample of Al-Hidaya] // M.Y. Ilahiyat fakulteti dergisi [M.U. Journal of the Faculty of Theology] 23(2), 29-77 (2002).
10. Al-Mihazh fi sharhy sahih Muslim ibn Hazhazh sharhu Nauauai gala Muslim [Al-Mihazh fi sharhy sahih Muslim ibn Hazhazh sharhu Nauauai gala Muslim] (Kahira, Baitul afkarid daulia, 2000).
11. Imam al-Aini. Al-Binaya sharhu Hidaia li imam Aini [Al-Binaya sharhu Hidaia li imam Aini] (Darul fikr, Bairut 1990).
12. Molla Ali Kari. Fathu babel ginaia fi sharhi kitabin nikaia [Open Babylon Guinea to explain the two books of Nicaea] (Daru ihiaut-turasil arabi, Bairut, 2005).
13. Ibnul Humam al-Hanafi. Sharhu Fathul kadir [Explanation of Qadeer transformation] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 2000).
14. Fataua Kadihan fi mazhabi Abi Hanifa an-Nugman [Judge in the doctrines of Abu Hanifa Anengma] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 1999).
15. Abu Bakir al-Zhssas. Ahkamul Kuran [Ahkamul Kuran] (Daru kutubil gilmya, Bairut, 2003).
16. Ad-Durrul Mansur li Zhhlaluddin as-Suiuti [Ad-Durrul Mansur in Zhhlaluddin as-Suiuti] (Darul fikr, Bairut, 1993).

Авторлар туралы мәлімет:

Кеңшілік Тышқанұлы – Дінтану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., дінтанушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Кайрбеков Н.Е. – корреспонденция үшін автор, Дінтану кафедрасының оқытушысы, доцент м.а., PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Окан С. – Дінтану кафедрасының оқытушысы, доцент м.а., PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kenshilik Tyshkanuly – Head of the department of religious studies, Candidate of Philological Sciences at L.N. Gumilyov Eurasian National University st. Khadzhimukhana, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kairbekov N.E. – corresponding author, lecturer at the Department of Religious Studies, Associate Professor, Candidate of Religious Studies at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Okan S. – Lecturer at the Department of Religious Studies, Associate Professor, Candidate of Islamic Studies L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.